

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.01 – 27.01. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 23.01	Сейсенбі 24.01	Сәрсенбі 25.01	Бейсенбі 26.01	Жұма 27.01
Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: «Ертегі желісі бойынша бір ертегі кейіпкерін тап», « Бір уыс мақта » Мақсаты: Есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін нығайту, байланыстыра сөйлеулерін арттыру. Қосымша жабдықтар: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші қағаз бетіне бейнеленген әр түрлі ертегі кейіпкерлерін ұсынады. Балалар	Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Әдістемелік нұсқаулар: Қиынды суреттерден қыс, жаз, көктем және күз мезгілдерінің ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру. Ықтимал күрделендіру: Жыл	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын) Ойын: «Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерді есте сақтау. Апта күндерін рет-ретімен айта білуге дағдыландыру. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балалардың мынаған келісіп алуын өтінеді. Бір таңба бар тәж аптаның бірінші күні дүйсенбі, екі таңба бар тәж аптаның екінші күні сейсенбі және т.б. білдіреді. Балалар апта күндерінің атын хормен	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мозайка үстел үсті ойындары: «Бұл кімнің баласы, төлі?» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен жабайы жануарларды салыстыруға үйрету, көру қабілетін, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту. Ойынға қатысушыларға "кімнің текшесі"қағидасы бойынша дұрыс жауапты таңдау ұсынылады. Есте сақтау, ойлау, зейінді дамыту. қызығушылықты арттыру. Әдістемелік нұсқаулар:	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны: «Бұл кімнің құйрығы?» Мақсаты: Балалардың үй жануарларының сыртқы кейпінің ерекшеліктері, олардың дене мүшелерінің жеке бөлігі: құйрықтарының көмегімен тіршілік ететін ортаға бейімделу ерекшеліктері туралы білімдерін нақтылау. Ойналатын орны: топта, үстел үстінде Әдістемелік нұсқаулар: Құйрықтардың қай жануарларға тиесілі екенін

кейіпкерлер бойынша қандай ертегі екенін тауып, ертегіні естеріне түсіру қажет.

Ықтимал күрделендіру: Балалардан ертегі кейіпкерлерін еске түсіріп, ертегі желісін қысқаша мазмұндап айтып беру сұралады.

Ойынның нұсқаулары: Ертегі кейіпкерлерін еске түсіру арқылы балаларға қамқорлық, мейірімділік, үлкенге құрмет секілді ізгі қасиеттерге баулу. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды қасиеттерінен үлгі аларлықтай түсіндіру, көрсету жұмыстарын жүргізу.



мезгілдеріне байланысты әңгіме құрау ұсынылады.
Ойынның нұсқаулары: Балаларға қыс және көктем, жаз бен күз мезгілдерінің ерекшеліктерін, жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын айтып түсіндіру.



қайталайды.
Тәрбиеші 7 баланы шақырып оларға тәждерді таратып береді.
Шақырылған балалардың әрқайсысы тәжбен таңбаның санына қарап: “Сабыр – сәрсенбі”, “Мен – жұмамын” және т.с.с. дейді.

Ықтимал күрделендіру: Тәрбиеші аптаның кез-келген күнінің атын дауыстап атайды. Білетін бала алдына шығып тұрады. “Апта күндері, сапқа тұрындар” деген бұйрық берілісімен, басқа балалар оның қатарына дұрыс ретпен сапқа тұруы тиіс.

Ойынның нұсқаулары: Тәрбиешінің белгісі бойынша жұмысты бастау.

1 2 3 4 5
6 7 8 9 10



балаларға жабайы жануарлар мен үй жануарларының суреттері беріледі

* Біз жұптарды жинаймыз (ана-бала)

* Біз 2 топқа сұрыптаймыз — ересектер мен кішкентайлар

* 2 санат бойынша сұрыптаймыз — жабайы жануарлар мен Үй жануарлары

* Біз дыбысты болжаймыз және жануарлар жасаған дыбыстарды қайталаймыз (**ономатопея**)

Ойын барысында болатын қиындықтар: 1. Біз назар аударамыз-біз "естелікте" ойнаймыз (біз бірнеше карталарды орналастырамыз, мұқият қарастырамыз,

айналдырамыз және үстелде қандай карталар жатқанын еске түсіреміз), "кім келді/кетті"

2. Мұғалім балалардың алдында жануарлар мен олардың балаларын ойлап тапқан суреттерді үстелге қояды.




анықтау, олардың сыртқы келбетін бейнелеу, құйрықтардың қандай көмегі бар екенін айту. Тәрбиеші әрбір жануардың құйрығы туралы әңгіме үлгісін ұсынады, оның жануар үшін маңызы туралы мәлімет береді. Балалар карточка таңдап алады. Оны мұқият қарап алып, не бейнеленгенін табады. Сонан кейін карточкадағы суреттің жұбын іздейді (жануардың бет пішіні және құйрығы). Бір бала жануардың құйрығы туралы әңгімелейді, ал оның қасындағы бала оның жануар үшін қалай қызмет ететінін айтады.

Ықтимал күрделендіру: Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шеші.

Ойынның нұсқаулары: «Дұрыспа? Бұрыспа?» деген тақырыпта балалар сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтады.



	 	   	 	    	 
--	---	--	---	---	--

Ұйымдастырылған
іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты

ҮІӨ		23.01.23 Дүйсенбі	24.01.23 Сейсенбі	25.01.23 Сәрсенбі	26.01.23 Бейсенбі	27.01.23 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен	Математика негіздері Көркем әдебиет	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет

	Қазақ тілі Дене шынықтыру	танысу Мүсіндеу Музыка	Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Қазақ тілі Музыка	Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер					
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті					
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: 10 көлемінде тура және кері санау. ҮІӨ мақсаты: Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1- ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету. Дағды: Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10- ға дейін тура және кері бағытта санауды; Түсінеді: 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін; Қолданады: 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Карточкамен жұмыс Тақтада	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік,таным- дық әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдау жасауды меңгертуді жалғастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. Дағды: Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршау, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз ойлайды. Түсінеді: дыбыстардың жасалуын. Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Тізбекті жалғастыр»дидакти-калық жаттығуы Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір –	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Заттар тобын салыстыру және санау . ҮІӨ мақсаты: теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. Дағды: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; Түсінеді: өзара бірімәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; Қолданады: санап, салыстыру білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Заттар тобын салыстыру және санау . ҮІӨ мақсаты: теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. Дағды: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; Түсінеді: өзара бірімәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; Қолданады: санап, салыстыру білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҮІӨ мақсаты: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін қалыптастыру. Дағды: Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыруға дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер ойлап айтады, буынға бөледі. Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, буынды жалғайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы. Мысалы: қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап ... (қызық), шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), арба ...

	(демонстрациялық материал 21- кесте) 1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз. Түсіну: Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш». Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.	<i>раугаш – шопан - нан - нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б.</i> Білу: «Сөз жина» дидактикалық жаттығуы Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», - «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «к.ұ.с.», «к.о.я.н.», - «с.и.ы.р.», - «а.с.ы.қ.», - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.». Қолдану: «<i>Май</i>» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. «Сүт» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.	Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады Түсіну: «Қанша болса, сонша боя» ойыны ұсынады, суретте қанша гүл болса, сонша торкөзді бояйды. -Гүлдердің қайсысы азырақ? -Гүлдердің қайсысы тең? -Қызыл гүл қанша? -Көк гүл қанша? -Гүлдердің қайсысы көбірек? Қайсысы тең?	Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады Түсіну: «Қанша болса, сонша боя» ойыны ұсынады, суретте қанша гүл болса, сонша торкөзді бояйды. -Гүлдердің қайсысы азырақ? -Гүлдердің қайсысы тең? -Қызыл гүл қанша? -Көк гүл қанша? -Гүлдердің қайсысы көбірек? Қайсысы тең?	(жалпақ), керует ... (жіңішке), мысық ... (сүйкімді), ит ... (қабаған), шам ... (жарық), арық ... (терең), қасық ... (темір), қоян ... (қорқақ), киіз ... (кішкентай), жастық ... (мамық), анар ... (дәмді), лимон ... (сары), тамақ ... (дәмді), кәмпит ... (тәтті), жылқы ... (сұлу), сүт ... (пайдалы), ата ... (ақылды) т.б. Қолдану: «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы. Мысалы: <i>кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш...тар, бақта...шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сүл...гі, найза...ғай, сөм...ке, жалау...ша, құмырс...қа т.б.</i> Білу: «Қант» сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгіленеді. Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.
--	--	---	---	---	---

І үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу,

эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Кеме», «Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»


Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру, позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Психологиялық ойын:

Ойын: «Сәлемдесу» жаттығуы.

Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.

Ойын шарты: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыздар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыздар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.



Аз қимылды еңбек ойын: «Кеме»


Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады.

Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады.

Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады.

Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.



Сюжетті-рөлді ойын: «Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»

Мақсаты : Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Жағдаят: Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемеңізді жөндеу, сүңгуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.

Ойын шарты: Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.

Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады. Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды; Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.



2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

	2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Кеме (өлең) (Е. Өтетілеуұлы). ҮІӘ мақсаты: Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Дағды: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Жұмбақ шешті, өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап берді, суреткеқарап өлеңді жаттап алады; Түсінеді:өлең мазмұнын, көліктердің әр салада пайдалануын; Қолданады: әртүрлі көліктерді жолдарымен қосады.. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз? ҮІӘ мақсаты: Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді. Түсінеді: оларға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді. Қолданады: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Алмаз» техникасы. Педагог заттар мен тапсырмалар жазылған карточкаларды жайып қояды. Қысқаша жауаптан кейін сурет «алмаздың» тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар: 1.Үйде асырайтын 1 жануарды	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Бір уыс мақта. (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин ҮІӘ мақсаты: Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Бір-бірімен байланысты сюжет бойынша әңгімені шығармашылықпен құрастыру. Дағды: Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады; Түсінеді: әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді; Қолданады: әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,	2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Кім ақылды?(М.Төрежанов). (әңгіме) ҮІӘ мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Дағды: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді; Түсінеді:әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіпалмауды; Қолданады: буынға буын жалғап сөз құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолданжасалған	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Бір уыс мақта. (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин ҮІӘ мақсаты: Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Бір-бірімен байланысты сюжет бойынша әңгімені шығармашылықпен құрастыру. Дағды: Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады; Түсінеді: әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді; Қолданады: әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: – «Өзі аппақ
--	--	---	---	--	--

	береді. Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кемемізді жағалаулар шақырады.	таңдап ал. 2.Тасбақаға арналған жемдер бейнеленген 2 суретті тап. 3.Адамның қасында тіршілік ететін 3 үй жануарын таңдап ал. 4.Мысықты сипаттайтын 4 түрлі белгіні ата: жұмсақ, мамық, ерке, ойыншыл. 5.Марғаулар ойнайтын 3 ойыншықтың суретін таңдап ал. 6.Балыққа күтім жасаудың 2 тәсілін атап көрсет: тамақтандыру, суын ауыстыру. 7.Үйде асырайтын жануар туралы 1 мультфильмнің атын ата. Қолдану: «Жануарға ат қой» ойынын ойнауға шақырады. Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады.	қолдану. Қолдану: – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? (Мақта) – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды. Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Күн өтпей жатып</i> – бір күннің ішінде болған оқиға. <i>Шапан</i> – қазақтың ұлттық сырт киімі.	көпірдің үстінде біріне- бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.Ал Еркебұлан: Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Түсіну: «Ақыл азбайды, білім тозбайды» Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап, тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.мысалы: ал– Кір–	қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? (Мақта) – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды. Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Күн өтпей жатып</i> – бір күннің ішінде болған оқиға. <i>Шапан</i> – қазақтың ұлттық сырт киімі.
--	--	---	--	---	--

2 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Тіл гимнастикасы: «Тынымсыз Тіл» туралы ертегі жаттығулары.

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның, шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

1. Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,

Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы

Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара




Ойын: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

Қалмай ұшып соңынан, Ара қуды Мұратты. -3-3-3-3 Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)				
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті				
3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Ыдыс- аяқ дүкені. ҮІӨ мақсаты: сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту. Сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірдеқолдана білуге үйрету. Дағды: Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен заттысипаттай білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерді қайталайды, сипаттайды, диалогке қатысады. Түсінеді: ыдыстардың әртүрлі болатынын түсінеді. Қолданады: сөйлемдер құрастырады, қарапайым сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы.	3.Жапсыру– шығармашылық,коммуни кативтік, ойын әрекеті Тақырыбы : Домбыра. ҮІӨ мақсаты: ұлттық ою- өрнек элементтерін қию әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету. Бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; шығармашылық қасиеттерін дамыту; Дағды: ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып,оны жапсыру әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ұлттық ою-өрнек салынған музыкалық аспапты; Түсінеді: күй тек домбырада орындалатынын; Қолданады: бүктеп, симметриялы қиюды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Домбыра құрылысымен танысу. – шанағы;	3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдау жасауды дамыту. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Дағды: Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын және дыбыстардың белгеленуін. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы. Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді. «Кім көп сөз ойлап айтады»дидактикалық ойыны –	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Азық-түлік ҮІӨ мақсаты: азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру, сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: тағам атауларын қайталап, есте сақтайды. Түсінеді: нені жеп, нені ішетінімізді түсінеді. Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.Сиқырлы дорбада не бар?	3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз? ҮІӨ мақсаты: Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді. Түсінеді: оларға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді. Қолданады: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Алмаз» техникасы. Педагог заттар мен тапсырмалар жазылған карточкаларды жайып қояды.

	Диалог үлгісі: –Сәлеметсіз бе! –Сәлеметсіз бе! –Кесе беріңізші. –Қандай кесе? –Үлкен, екі жасыл кесе. –Міне, кесе алыңыз. –Рақмет. Сау болыңыз. –Сау болыңыз. Білу: Жаңылтпаш қайталау. Шеше, неше кесе сынды кеше? Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту.	– мойны, құлағы; – пернелері; – тиегі; – ішегі.	<i>Н</i> дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. <i>Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.</i> Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. <i>Р</i> дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. <i>Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең.</i> Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. Түсіну: Дыбыстық талдау жаса. «Түн» сөзінің дыбыстық талдауы. «Түн» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Суреттерді ата. Буынға бөл.	Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. Түсіну: Тағамдардың барлығы қадірлі, оларды ысырап етуге болмайтынын түсіндіріп, тыйым сөзді жаттату. Нанды баспа, ақты төкпе. Қазақ халқы «ақ», – деп сүт, айран, қымыз, шұбатты айтқан.	Қысқаша жауаптан кейін сурет «алмаздың» тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар: 1.Үйде асырайтын 1 жануарды таңдап ал. 2.Тасбақаға арналған жемдер бейнеленген 2 суретті тап. 3.Адамның қасында тіршілік ететін 3 үй жануарын таңдап ал. 4.Мысықты сипаттайтын 4 түрлі белгіні ата: жұмсақ, мамық, ерке, ойыншыл. 5.Марғаулар ойнайтын 3 ойыншықтың суретін таңдап ал. 6.Балыққа күтім жасаудың 2 тәсілін атап көрсет: тамақтандыру, суын ауыстыру. 7.Үйде асырайтын жануар туралы 1 мультфильмнің атын ата. Қолдану: «Жануарға ат қой» ойынын ойнауға шақырады. Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады.
--	--	---	---	---	---

3 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:

Шегіртке.

Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,

Ән саламын ш-шырылдап:

-ш-ш-ш-ш-ш

Жоқ тұрақты мекенім,

Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.

-ш-ш-ш-ш-ш

(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)

Қоңыз.

Тым қатулы кескіні,



Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына

Жақтырмаймын ешкімді, Үлкен қара қоңыздың Дауысы алыстан естілді: -ж-ж-ж-ж-ж Мұндай сұмдық бола ма? Келе салып сонаға Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!» -ж-ж-ж-ж-ж Көбелек пен инелік Қалды тіптен именіп. Мұнды әуен басталды Шегірткеміз күйзеліп: -ш-ш-ш-ш Ызылдады ара да: -з-з-з-з-з Ызылдады маса да: -з-з-з-з-з Ал өрмекші үн түнсіз Жасырынды тасаға «Тыныштықты бүгінгі Келді дағы бүлдірді»- Деп қоңызға құмырсқа Өз ренішін білдірді. Ал қоңызға бәрібір, Айтатыны: «Ары ж-ж-жүр!» Жанында еш досы жоқ, Гүж-гүж етіп әлі жүр. (Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап ойнауға болады. Әр жәндіктің сөзін айтып болған соң, оның дыбысын салуды ұмытпа)		отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.
---	---	--

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

	4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау. Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Қолды	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Ақ әжем. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. Дағды: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жігіттер сайысы. ҮІӨ мақсаты: Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту. Дағды: Бір Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Ана – өмір шырағы. ҮІӨ мақсаты: Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағды: Дағдыларды	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жігіттер сайысы. ҮІӨ мақсаты: Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимылүйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту. Дағды: Бір Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны
--	--	---	---	---	--

	жоғары, алға белсенді шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыруға дағдыландыру. Жалғыз аяқпен секіріп, екінші аяқпен допты теуіп жүргізуді, табанның алдыңғы жағына күш салып серпіліп көтеріле білуді жалғастыру. Дағды: Қысқа секіртпеден секіру дағдыларын бекіту. Жүгірудегі адымды талдау, дифференциялауды қалыптастыру. Ептілік, күштілік, төзімділік, зейінді шоғырландыру дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суық тию ауруларының алдын алу, тік нысанаға қар кесектерін лақтыру, «Жүрек» тренингі. Түсінеді: бастапқы қалыпқа келу; жаттығуларды орындау ережелерін сақтау; қолбасының (айналмалы) қимылын, аяқтың (тігінен) қозғалуын үйлестіре білу; шайбаны аяқпен ақырын итеріп жүргізу; қозғалыс ойындарының ережесін сақтау. Қолданады: жаттығуларды орындау барысында зейінді шоғырландыру, бөлу; сап түзеу, жүру, жай жүріс пен жүгіруді кезектестіріп, жартылай тізе бүгіп отырып жүру; ұжымда қимыл мен жүру бағытын қадағалау, қозғалыс әрекеттерінде өзін-өзі ұйымдастыру. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,	мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ән орындайды, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Түсінеді: сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтау отырып айтуды. Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов). Балалар шеңбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді оңға, солға иіліп, сол ырғақпен ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды. Түсіну: Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада бір бала қоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды. Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді.	тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону дағдыларын жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның алдын алуға негізделген жалпы дамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу. Түсінеді: «Жігіт» ұғымын, эстафеталарды орындау ережелерін, командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону. Қолданады: бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу, қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу. Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау. Білу: Жарыс түріндегі негізгі қимылдарды орындау. «Ең ептілер». Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет) Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді. Түсіну: Қорытынды кезең (рефлексия). Жігіттер жайлы	қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Түсінеді: әннің мазмұнын түсінеді. Қолданады: таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түсіну: Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.	тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону дағдыларын жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның алдын алуға негізделген жалпы дамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу. Түсінеді: «Жігіт» ұғымын, эстафеталарды орындау ережелерін, командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону. Қолданады: бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу, қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу. Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау. Білу: Жарыс түріндегі негізгі қимылдарды орындау. «Ең ептілер». Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет) Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді.
--	---	---	--	---	---

	қолдану Қолдану: « Күзгі орман» Бір-бірден тізбекке тұру. Жай жүріс. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Өкшемен, аяқтың басымен жүру. Кедергілерден – томарлардың арасымен өтіп жүгіру. Жай жүріс пен жартылай тізені бүгіпжүруді кезек алмастырып жүру. Екі тізбекке қайта сапқа тұру. Түсіну: Негізгі жаттығуларды топпен орындау. «Жаз» «Секіртпе» Қысқа секіртпеден секіру. «Қыс» Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыру. Қолды екпінді қарқынмен жоғары, алға шығараотырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыру. Білу: «Диірменші» Массаж – суық тию ауруларының алдын алу. Диірменші аспандап, бұлтта отырып ойнапты. <i>Саусақтарын маңдайдың ортасынан самайға қарай жүргізеді.</i> Қабының түбі тесіліп, ұны төгіліп қалыпты. <i>Беттеріне саусақпен ақырын жыбырлатады.</i> Балалар оған қуанып, бауырсақ жасап илепті. <i>Жұдырығын түйіп, бас бармақтарымен мұрынның шеттерін уқалайды.</i> Шаңғы, шанамен сырғанап, конькилермен билепті. <i>Сұқ саусақ пен ортаңғы</i>		мақал-мәтелдер. Ер сүрінбей ел танымас, Ат сүрінбей жер танымас. Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады. Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ. Ер байлығы – еңбекте. Жігіт – жігіттің көзі. Ер жігіт айтқанын екі етпес.		Түсіну: Қорытынды кезең (рефлексия). Жігіттер жайлы мақал-мәтелдер. Ер сүрінбей ел танымас, Ат сүрінбей жер танымас. Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады. Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ. Ер байлығы – еңбекте. Жігіт – жігіттің көзі. Ер жігіт айтқанын екі етпес.
--	---	--	---	--	--

	саусақтарын жазып, құлақтарының алды мен артқы жағынұқалайды.				
4 үзіліс Балалардың дербес іс-әрекеті Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру					
		Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Әуе таяқ» Ойын мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Әдістемелік нұсқау: Бұл ойын көгалда немесе жай алаңда 12 адамның қатысуымен өтеді. Ойынға ұзындығы 80 сантиметрден аспайтын, жуандығы 4-5 сантиметр жұмыр таяқ пайдаланылады. Ойыншылар бірнеше жұпқа бөлінеді. Жүргізуші екі адамның әрқайсысына бір-бір таяқтан береді. Олардың біреуі таяғын әуелете лақтырған кезде, екіншісі ұшқан таяқты өз таяғымен ұруы тиіс. Таяқты кімнің лақтыратынын, кімнің оны кездеп ұратынын жеребе бойынша анықтайды. Егер ойыншылар екі топқа бөлінсе, ұшқан таяққа көбірек тигізген топ жеңген болып есептеледі. Сосын келесі кезекте лақтырушылар мен тигізушілер орын. Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5 - тен 10 – ға дейін ойыншы. Болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.			
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Көліктер бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу.	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (Нұрым, Аян, Арнұр) 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету. Дидактикалық ойын: «Сана шық» Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет Сұлтанға «Тазалық айнас» сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. Ажарға сурет бойынша өз ойын айытқызу.
Балаларды үйге қайтару.					

«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
---	---	---	--	--	--

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: *Қанашова Ж.С.*